## Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы
## Жылдың соңы

**Баланың аты –жөні:** Ибраева Ая
**Туған жылы:** 22.05.2022
**Топ:**«Арман»

**Мақсаты:**танымдық, сөйлеу, қимыл-қозғалыс (ірі және ұсақ моторика), әлеуметтік-эмоциялық дамуын бақылау арқылы анықтау; баланың қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктерін, зейінін, ойлауын, есте сақтауын, сөздік қорын, қимыл координациясын және ересектер мен құрдастарымен қарым-қатынас деңгейін бағалау.

| р/с | Қолданылатын әдістеме | Нәтиже |
|---|---|---|
| 1 | **Танымдық даму**<br>**Мақсаты:**баланың сөздік қорын, ойлауын, түстер мен пішіндерді ажыратуын бақылау.<br>Тапсырмалар:<br>-«Не артық?» ойыны (3–4 суреттің ішінен артық затты табу)<br>-Түстерді ажырату (қызыл, көк, сары)<br>-Пішіндерді көрсету (дөңгелек, шаршы)<br>-Жануарлардың дауысын ажырату | Артық затты психологтың көмегімен тапты.<br>Түстері бойынша сұрыптайды, анық сөйлемегендіктен, сұраққа түстерді көрсету бойынша түсіндірді.<br><br>Пішіндерді көрсетті<br>Жануарлардың дауыстарын сурет бойынша көрсетті және атады. |
| 2 | **Ұсақ моторика**<br>**Мақсаты:** саусақ қимылдарын, қол икемділігін дамыту.<br>**Тапсырмалар:**<br>-Саусақ жаттығулары<br>-Ермексазды илеу, домалату<br>-Дайын суретті бояу<br>-Моншақ тізу<br>-Қағазды жырту, умаждау | Саусақ жаттығуы кезінде шатасты.<br>Ермексаздан илеп домалақ пішін жасай алды.<br>Дайын суретті бояуға саусақ икемділігі әлсіз болса да,тырысып бояды.<br>Моншақтарды түсі бойынша сәйкестендіріп жинады.<br>Қағаздарды жыртып,умаждап қоқысқа лақтыра алды, бірақ баяу орындайды. |
| 4 | **Мақсаты:** ересектермен және балалармен қарым-қатынасын, эмоциясын бақылау.<br><br>**Тапсырмалар:**<br>-Амандасу, қоштасу<br>-«Көңіл-күйді көрсет» ойыны<br>-Қуандым/ренжідім суреттерін көрсету<br>-Қарапайым нұсқауды орындау («алып кел», «отыр», «бер») | Амандасу, қоштасу расімін біледі.<br>Айнадағы суреттің көңіл-күйін көрсете алды.<br>Шатасады.<br>Нұсқаулықты орындайды. |

**Даму деңгейі**
**Танымдық даму:**
Аяның қарапайым танымдық тапсырмаларды орындай алады. Түстерді ажыратады және пішіндерді таниды. Жануарлардың дауысын сурет арқылы

Сканировано с CamScanner

қажет болды. Сөйлеу тілінің жеткіліксіз дамуына байланысты жауаптарын көбіне көрсету арқылы білдіреді.

**Ұсақ моторика:**

Қол және саусақ қимылдары жеткілікті деңгейде қалыптасу үстінде. Ермексазбен жұмыс жасап, қарапайым пішіндерді жасай алады. Бояу кезінде саусақ икемділігінің әлсіздігі байқалады, бірақ тапсырманы орындауға талпынады. Моншақтарды түстеріне қарай сәйкестендіреді. Қағазбен жұмыс әрекеттерін орындайды, алайда жұмыс қарқыны баяу.

**Әлеуметтік-эмоционалдық даму:**

Амандасу және қоштасу дағдылары қалыптасқан. Қарапайым нұсқауларды түсініп, орындайды. Көңіл-күйді сурет бойынша анықтай алады. Эмоцияларды ажыратуда кей жағдайда шатасады. Ересектермен қарым-қатынасқа түседі және берілген тапсырмаларға қызығушылық танытады.

**Ұсыныстар**

-Сөздік қорын дамыту мақсатында суреттер бойынша әңгімелесу, заттарды атау және қарапайым сұрақтарға жауап беру жаттығуларын жүйелі жүргізу.

-Түстерді, пішіндерді және заттардың ерекшеліктерін ажыратуға арналған дидактикалық ойындарды жалғастыру.

-Саусақ моторикасын дамыту үшін саусақ жаттығуларын, мозаика құрастыруды, моншақ тізуді, ермексазбен жұмысты және сурет бояуды тұрақты түрде ұйымдастыру.

-Эмоцияларды тану және ажырату дағдыларын дамыту үшін айнамен жұмыс, эмоциялық суреттер мен рөлдік ойындарды қолдану.

-Баланың сөйлеу белсенділігін арттыру үшін логопедиялық жаттығулар мен тіл дамыту жұмыстарына қатыстыру.

-Қарапайым нұсқауларды біртіндеп күрделендіріп, өз бетінше орындауға ынталандыру.

-Аяның жетістіктерін мадақтап, жағымды эмоционалдық қолдау көрсету.

**Қорытынды:** Аяның танымдық, әлеуметтік және ұсақ моторикалық дағдылары жас ерекшелігіне сәйкес қалыптасу үстінде. Кейбір тапсырмаларда ересек адамның көмегін қажет етеді. Сөйлеу тілі мен ұсақ моториканы дамыту бағытындағы түзете-дамыту жұмыстарын жалғастыру қажет.

**Зерттелген күні :** 27.04.2026жыл

**Педагог-психолог:** Каменова Жанар Забинулловна

Сканировано с CamScanner